

## Қазіргі латыннегізді түрікмен жазуының тарихы

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Этнолингвистика бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты Исаева Г.С.*

Түрікмен жазба тілі XIII-XIV ғасырларда араб әліпбиі арқылы қалыптасқан. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін алғашқы жылдары араб әліпбиіне негізделген түрікмен жазуы 1922 және 1925 жылдары екі рет өзгеріске ұшырады. Реформалау барысында түрікмен тіліне тән дыбыстарды таңбалау үшін диакритикалық таңбалар қолданылып, түркмен тілінде жоқ әріптер алынып тасталды. Ауғанстан, Ирак және Иран түрікмендері қазіргі таңға дейін арабнегізді әліпбиін қолданады.

1925 жылдың шілде айында «Түрікменстан» республикалық газетінде түрікмен тілінің «Яналиф» деп аталатын латыннегізді жаңа әліпбиге көшу мәселесі көтеріледі. 1926 жылы (ақпан-наурыз) Бакуде өткен 1-ші Бүкілодақтық түркологиялық съезден кейін Түрікмен ССР-дің Халық комитетіне қарасты Мемлекеттік ғылыми кеңес жаңа әліпбидің жобасын дайындады. Бұл әліпби 1927 жылдың басында пресса беттерінде жарияланды.

1928 жылдың 3 қаңтарында латыннегізді жаңа әліпби Түрікмен ССР-нің орталық сайлау комиссиясында бекітілді. Артынша БАҚ материалдарының бір бөлігі осы жаңа әліпбимен жариялана бастады. Сол жылдың қыркүйек айынан бастап, оқу орындарына енгізілген түрікмен тілінің жаңа латыннегізді әліпби барлық ресми салаларда 1929 жылдың мамыр айына дейін түбегейлі көшіп бітті.

Бұл әліпбиде бастапқыда 40 әріп белгіленген: *A a, Aa aa, B b, C c, Ç ç, D d, E e, Ə ə, F f, G g, Q q, H h, I i, İ i, J j, K k, L l, M m, N n, Ŋ ŋ, O o, Oo oo, Ө ө, P p, Q q, R r, S s, Ş ş, T t, U u, Uu uu, V v, X x, Y y, Yu yy, Z z, Ž ž, Ь ь, Ьь ьь.*

1930 жылы 1-ші Лингвистикалық ғылыми конференцияда түрікмен тілінде ұзын дауыстыларды белгілейтін /aa/, /oo/, /uu/ диграфтар әліпби тізімінен ресми түрде алынып тасталды. 1934 жылы орфографиялық комиссияның шешімімен /o/, /q/ әріптерінің орнына /g/, /k/ белгіленіп, арада екі жыл өткен соң, /x/ әрпі /h/ графемасымен алмастырылды.

1930 жылдардың соңында бүкіл СССР кеңістігінде жазуды кирил әліпбиіне көшіру мәселесі көтерілді. 1939 жылдың қаңтарында «Совет Түрікменстан» газетіне Ашхабад қаласының оқытушылары түрікмен жазуын кирил әліпбиіне ауыстыру туралы хат жариялады. Түрікмен ССР-нің Жоғарғы Кеңес Президиумы жаңа әліпбидің жобасын жасауды Тіл және әдебиет ғылыми-зерттеу институтына тапсырды. Сондай-ақ жаңа әліпбиді даярлауға Ашхабад пединститут оқытушылары мен баспа қызметкерлері де қатысты. 1940 жылдың сәуір айында кирилнегізді түрікмен әліпбиі жарияланды.

1940 жылдың мамыр айында Түрікмен ССР-нің Халық комиссарлар кеңесі сол жылдың 1 шілдесінен бастап барлық мемлекеттік және қоғамдық

мекемелер жаңа әліпбиге көшу және 1 қыркүйектен мектептерде жаңа әліпбиді оқыта бастау туралы қаулы шығарды.

### 1940 жылғы түрікмен жазуының кирилнегізді әліпбиі

А а	Б б	В в	Г г	Д д	Е е	Ё ё	Ж ж	Ж ж	З з
И и	Й й	К к	Л л	М м	Н н	Ң ң	О о	Ө ө	П п
Р р	С с	Т т	У у	Ү ү	Ф ф	Х х	Ц ц	Ч ч	Ш ш
Щ щ	Ъ ъ	Ы ы	Ь ь	Э э	Ә ә	Ю ю	Я я		

Кеңес өкіметі ыдырағаннан кейін 90-шы жылдардың басында Түрікменстанда латын жазуына көшу туралы мәселе талқылана бастады. Жаңа әліпбидің алғашқы жобасы М. Соегов бастаған Тіл білімі институтының ғалымдары тарапынан әзірленіп, 1992 жылдың 19 тамызында «Түрікменстан» газетінде жарияланды. Сол жылы тағы бірқатар жобалар ұсынылды. 1992 жылғы латыннегізді түрікмен әліпбиінің жобасы мынадай болды: *A a, B b, C c, D d, E e, Ea ea, F f, G g, H h, I i, J j, Jh jh, K k, L l, M m, N n, Ng ng, O o, Q q, P p, R r, S s, Sh sh, T t, Ts ts, U u, V v, W w, X x, Y y, Z z.*

Бұл әліпби жобасында [ә], [дж], [ң], [ш] дыбыстарын бейнелеу үшін /ea/, /jh/, /ng/, /sh/ дифтонгтары қолданылды. Бұл жобаның ерекше бір тұсы /q/, /v/, /x/ әріптерін кирилдегі /ө/, /ү/, /ы/ әріптерімен таңбалауы еді.

1993 жылы қаңтарда Түрікменстанның Ғылым академиясының жаңа әліпби мәселесі арналған отырысында әліпбиді дайындау бойынша жұмыс комиссиясы құрылды. Комиссияның төрағасы С.А. Ниязов болды. Ақпан айында БАҚ-та әліпбидің жаңа нұсқасы жарияланды. 1993 жылдың 12 сәуірінде мәжіліс президенттің жаңа әліпби туралы жарлығын бекітті. Жаңа түрікмен әліпбиі мынадай болды: **Aa, Bb, Çç, Dd, Ee, Ää, Ff, Gg, Hh, Ii, Jj, £l, Kk, Ll, Mm, Nn, Ññ, Oo, Öö, Pp, Rr, Ss, \$ç, Tt, Uu, Üü, Ww, Yy, ¥ÿ, Zz.**

Осы жобада кейбір әріптерді белгілеуде жолүсті диакритикалық белгілері – умлаут пен тильда қолданылған: /ä/, /ñ/, /ö/, /ü/, /ÿ/. Бұл әліпбидің ерекшелігі түрікмен тіліне тән кейбір дыбыстарды таңбалауда доллар, йен және фунт (£/ \$ç, ¥ÿ) сияқты валюта белгілері таңдалды.

Бұл ерекшеліктер кейінгі жылдары жөнделіп, 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап қазіргі таңға дейін түрікмен жазуының латыннегізді әліпбиі қолданылып келеді. 2000 жылдың 1 қаңтарынан бері латыннегізді әліпбидің осы соңғы нұсқасы Түрікменстанның барлық ресми салаларында қолданылады [1, с. 149-156]. Кирил әліпбиіне негізделген түрікмен жазуы барлық ресми салаларда 2000 жылға дейін толық алынып тасталды.

Түрікмен жазуының латын графикасына көшуі елдің нақты мүмкіншілігін ескерместен жүзеге асырылғандықтан, бастапқы кезде білім беру сапасына кері әсерін тигізді. Мәселен, бірінші сынып оқушылары латыннегізді жаңа әліпбиді үйреніп, екінші сыныпта кирилнегізді әліпбиді оқуға мәжбүр болды. Себебі, 2-сыныпқа арналған оқулықтар шығарылмаған болатын. Бұл жағдаят реформа қабылданғаннан кейін алғашқы 5-6 жыл бойы жалғасып жатты [2].

### 1995 жылғы түрікмен жазуының латыннегізді әліпбиі

Латынша	Кирилше	Латынша	Кирилше	Латынша	Кирилше
<b>A a</b>	А а	<b>J j</b>	Ж ж	<b>R r</b>	Р р
<b>B b</b>	Б б	<b>Ž ž</b>	Ж ж	<b>S s</b>	С с
<b>Ç ç</b>	Ч ч	<b>K k</b>	К к	<b>Ş ş</b>	Ш ш
<b>D d</b>	Д д	<b>L l</b>	Л л	<b>T t</b>	Т т
<b>E e</b>	Е е	<b>M m</b>	М м	<b>U u</b>	У у
<b>Ä ä</b>	Ә ә	<b>N n</b>	Н н	<b>Ü ü</b>	Ү ү
<b>F f</b>	Ф ф	<b>Ň ň</b>	Ң ң	<b>W w</b>	В в
<b>G g</b>	Г г	<b>O o</b>	О о	<b>Y y</b>	Ы ы
<b>H h</b>	Х х	<b>Ö ö</b>	Ө ө	<b>Ý ý</b>	Й й
<b>I i</b>	И и	<b>P p</b>	П п	<b>Z z</b>	З з

Сонымен қазіргі латыннегізді түрікмен жазуында кейбір әріптерге умлаут, гачек, акут және седиль сияқты диакритикалық белгілерін қолданған. Мәселен, [ә], [ө], [ү] дауысты дыбыстарын белгілеуде умлаутпен /ä/, /ö/, /ü/ әріптері; [ж], [ң] дыбыстары гачек белгісімен /ž/, /ň/ әріптері, дауыссыз [й] дыбысы акут арқылы /y/ әрпімен және [ч], [ш] дауыссыздары жоластынан келетін седиль белгісі [ç], [ş] әріптері арқылы таңбаланды. Мұндағы /ä/, /ž/, /ň/, /y/ әріптері және [в] дыбысын белгілеген /w/ әрпі мен [ы] дыбысын белгілеген /y/ әрпі қазіргі латыннегізді түрікмен әліпбиін тұрпаты жағынан латын графикасын қолданатын басқа түркі тілдерінің әліпбиінен ерекшелендіреді.

Кирил әліпбиіндегі /ө/, /ю/, /я/, /щ/ әріптері қазіргі латыннегізді түрікмен жазуында / ýö/, / ýu/, ýa/, /şş/ диграфтарымен таңбаланады. Түрікмен тіліне орыс тілі арқылы енген кірме сөздерде кездесетін /ц/ әрпі соңғы латыннегізді түрікмен әліпбиінің емле ережесі бойынша /s/ әрпімен таңбаланады. Сол сияқты /щ/ әрпімен кездесетін орыс тілінен енген кірме сөздері де соңғы емле ережесі бойынша жалғыз /ş/ әрпімен белгіленеді.

Түрікмен тілінің латыннегізді әліпбиіне байланысты емле-ережелерін төмендегі кесте бойынша көрсетуге болады [3].

Кирил әріптері	Түрікмен тіліндегі латыннегізді әріптер	сөз басында	сөз ортасында	сөз соңында
	/i/ <i>төл сөздерде</i>	/i/ber- /i/niş /i/nsiz	ir/i/göz irk/i/lmek eş/i/dermen	ertek/i/ eşretl/i/ galbir/i/

/и/	/i/ <i>кірме сөздерде</i>	/ideal /i/htioloğiya /i/kona /i/ndustriya /i/nformatsiya	emf/i/zema ep/i/grafika	gerbar/i/ pappataç/i/
/у/	/u/ <i>төл сөздерде</i>	/u/cal /u/kı – /u/luluk	buruk buyruk	–
	/u/ <i>кірме сөздерде</i>	/u/glerod /u/niwerstitet	abit/u/riyent ak/u/stika	em/u/ rag/u/ tab/u/
у	/uw/	–	–	arz/uw/ garn/uw/ girk/uw/ s/uw/ ýat/uw/ ýaz/uw/
/э/ диграфы	/e/ <i>сөз басында</i>	/e/lemek (эле́мек) /e/ýesiz (эесиз) /e/ýertmek (эертмек)	–	–
	/ä/ <i>сөз ортасында</i>	–	gör/ä/rin (гөрэерин)	–
/э/	/e/ <i>төл сөздерде</i>	/e/grem /e/debiyat /e/şitgir	–	–
	/e/ <i>кірме сөздерде</i>	/e/kipaj /e/ksonat /e/kspres /e/kspressionist /e/lektrik	a/e/rodrom a/e/ropoçta a/e/roport	–
/ë/	/ýo/	–	samol/ýo/t akt/ýo/r antrepren/ýo/r import/ýo/r kontrol/ýo/r	–
/ю/	/ýu/ <i>төл сөздерде</i>	/ýu/ka /ýu/mruk /ýu/mşak /ýu/rt	bo/ýu/n do/ýu/p (et) go/ýu/p (et) so/ýu/lmak	–
	/ýu/ <i>кірме сөздерде</i>	/ýu/bileý	býuro	interw/ýu/

		/ýu/piter /ýu/rist	profso/ýu/z so/ýu/z	men/ýu/
/я/	/ya/ төл сөздерде	/ýa/bagan /ýa/bany /ýa/gday /ýa/lmawuz /ýa/naşık /ýa/ñsy /ýa/prak	gik/ýa/ka	ma/ýa/ ýelma/ýa/
	/ya/ кірме сөздерде	/ýa/nwar /ýa/pon /ýa/rus	ma/ýa/k ma/ýa/tnik r/ýa/dowoy	azali/ýa/ mistifikatsi/ýa/ so/ýa/ funktsi/ýa/
ч	/ç/ төл сөздерде	/ç/adir /ç/al /ç/alt-çalt /ç/añ /ç/irkin	a/ç/lik ala/çali oba/ç/ilik ebe/ç/ayir iş/ç/i	ağa/ç/ ağirila/ç/ aýakýalaña/ç/ bilgi/ç/ çomu/ç/ çeki/ç/ gaçha-ga/ç/
	/ç/ кірме сөздерде	/ç/ehol /ç/ek /ç/empion /ç/erdak	na/ç/ýot/ç/ik	pala/ç/ parali/ç/ sanwra/ç/ wra/ç/
/в/	/w/ төл сөздерде	/w/akirdi /w/ala-wala	bite/w/i ker/w/en	alda/w/ a/w/ buza/w/ gondala/w/
	/w/ орыс кірме сөздері	/w/agon /w/alentlilik	ryado/w/oy uni/w/ersitet	obýekti/w/ passi/w/ subýekti/w/
	/w/ араб-парсы кірме сөздері	/w/acip	şö/w/ket	za/w/ çarşa/w/
/ф/	/f/ төл сөздерде	–	pü/f/füldi	pü/f/
	/f/ кірме сөздерде	/f/abrik /f/arfor /f/ilial	biogra/f/iýa	okeanotra/f/ zoogeogra/f/ tor/f/ şka/f/ sey/f/ leksikoğra/f/
/ц/	/s/	/s/yganlar /s/ifrlemek /s/ilindr	lek/s/iýa li/s/enziýa li/s/eý	abza/s/ slane/s/

		/s/iwilizasiýa	moto/s/iklet tabli/s/a signalize/s/iýa opera/s/ion	
/Ъ/		–	apelsin albom medalon ultra fakultet	aprel dekabr medal oblast kalender
/Щ/	/şş/ <i>төл сөздерде</i>	–	my/şş/yldy pa/şş/arma pa/şş/ardys pa/şş/yk pe/şş/er-	hü/şş/
	/ş/ <i>кірме сөздерде</i>	/ş/it /ş/upalse	–	bor/ş/

Қорыта айтқанда, қазіргі латыннегізді түрікмен жазуы оғыз тобындағы тілдердің жазуына ұқсас «бір әріп – бір дыбыс» принципіне сәйкестендірілген. Жазуында кірме дыбыстарды беру үшін диграфтар қолданылады.

Әдебиет:

1. Чарыяров Б. Из истории туркменского алфавита // Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР. – М.: Наука, 1972.

2. Образование в Туркменистане. Доклад. Туркменская инициатива по правам человека. – Май, 2004 // <http://archive.chrono-tm.org/uploaded/5764906746591010.pdf>

3. Türkmen diliniň orfografik sözlügi. 115.000 söz /Düzüjiler: G.Kyýasowa, A.Geldimyradow, H.Durdyýew. – А.: Türkmen döwlet neşirýat gullugy, 2016. – 784 s.